

«ТеңізСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар (бұдан әрі – Стандарттар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес және де сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді, құндылықтық және моральдық бағдарлар жүйесін құру жолымен «ТеңізСервис» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

Стандарттардың негізгі ережелері

2.1. Серіктестік қызметкерлеріне өз құқықтары мен мүдделерін іске асыру кезінде мына әрекеттер ұсынылады:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы іс-қимыл жасау, сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарға не әрекеттерге жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың кез келген фактілерінің жолын кесу;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы расталған ақпарат бойынша мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдау;

- өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты, адалдықты, сатылмаушылықты және ашықтықты сақтау қағидаттарына негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне негізсіз жария айып тағылған кезде мұндай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде заңда көзделген барлық шараларды қабылдау;

- еңбек қызметін ішкі актілерге, саясаттарға, ережелерге, стандарттарға және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға қатаң сәйкестікте жүзеге асыру.

2.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге өзінің істері мен шешімдерімен жол бермеу;

- жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

- мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша шаралар қабылдау.

Мүдделер қақтығысы туындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау.

2.3. Өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде туындайтын басқа да өзара қатынастар кезінде:

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қайшы сипаттағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауы және оларда тиісті ескерту шараларын көрсетуі үшін алғышарттар жасайтын сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау тұрғысынан қабылданатын ішкі құжаттарға талдау және сараптама жүргізу.

2.3.1. Бағынысты қызметкерлермен қарым-қатынастағы басшылардың іс-әрекеттері:

- өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, жанқиярлықтың, адалдықтың және өтелмегендіктің үлгісі ретінде қызмет етеді;

- кадр мәселелерін шешу кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету, туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

- қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік дәрежесін пайдаланбау;

- құқыққа қайшы әрекеттерді, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттерді жасауға мәжбүрlemeу.

2.3.2. Басшылармен қарым-қатынаста бағыныштыларға мыналар ұсынылады:

- тапсырмаларды орындау кезінде тек объективті және шынайы, расталған мәліметтерді ұсыну, Серіктестік қызметімен байланысты басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерінде сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған жағдайлары туралы басшылықты дереу хабардар ету;

- басшылыққа қатысты жеке адалдық, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылу көріністеріне жол бермеу;

2.4. Серіктестік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген төменде ұсынылған шектеулер мен тыйымдарды сақтау қажет:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келетін қызметті жүзеге асыру;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау.